

Түйіндеме

Мақалада информатиканы оқыту бағдарын таңдаудағы курстар бағдарламасында жинақты өңдеу, негізгі ұйымдастырушы-педагогикалық мәселесін зерттеу нәтижесінде көрсетілген.

Resume

The present article demonstrates the research results on basic organizational pedagogical problems of carrying out the collection of the elective courses programmes in profile teaching Information science

ӘӨЖ 337

ПРОФИЛЬДІ СЫНЫПТАР ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БАСТАУЫШ САТЫСЫ РЕТІНДЕ**А.А. Құдышева***С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

XXI ғасырдағы білім концепциясы өмір бойғы білімнің қайнар көзін тапты. Қайда өзгеріс тез болса, ол әлемнің бізге тастаған үндеуіне жауабы. Адам жеке және кәсіби өмірінде жаңалықтарға кездескен сайын білімі мен кәсіби дайындығын жаңғыртып отырады. Осындай қажеттілік үлкен өзектілікті тапты.

Мемлекет пен қоғам үшін үздіксіз білім әлеуметтік саясатта жалпы қолайлы жағдайды қамтамасыз етуде және адамның кәсіби дамуында, кәсіби қайта өндіріс механизмі мен мәдени мүмкіндігінде, қоғамдық өндірістің даму жағдайында жетекші сала болады.

Үздіксіз білім әрбір адам үшін оның танымдылық талап тілектерінің рухани қажеттілігінің, даму қарызы мен әр түрлі оқу мекемелеріндегі қабілетінің, сол сияқты өзін-өзі оқыту мен өзін тәрбиелеудің қанағаттары мен қалыптасу процестері болуға тиіс. Тұлғаның қалыптасуы, оның әлеуметтік-психологиялық және физиологиялық толу, өрлеу және тұрақтану кезеңінде де, сол сияқты организмнің тозуы кезеңінде де өтіп жатады деген өз кезінде Я.А. Коменский.

Жоғарғы мектеп білімнің барлық саласына жан-жақты әсер көрсетеді: педагогикалық және ғылыми педагогикалық кадрларды дайындау, әр түрлі мәселемен ғылыми зерттеулер жүргізу, сол сияқты оқулықтар мен оқу әдістемелерін дайындау арқылы білімнің әр түрлі звеноларында қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Үздіксіз білім беру ХХ ғасырдағы озық мәдени идеялардың қатарында белгілі орын иеленеді. Бұл идеяның бүкіл адамзаттың және философиялық маңыздылығы жоғары, мұның мәні мынада, әрбір адамды тұрақты дамыту, кемелдендіру, өмір бойы шығармашылығын жаңартуды қамтамсыз ету, бұл дегенің бүкіл қоғамның гүлденуін қамтамасыз ету. Сондықтан мемлекет өзінің моделін үздіксіз білімнен іздейді. Оның алғашқы өңдемелерінің теоретикалық негізін іске асырғандар П. Ленгранд, Э. Фор, Р. Даве, Х. Гуммель, М. Д. Кареяли, Ф. Кумбс, Г. Коптаж.

Үздіксіз білім идеясы – ХХ ғасыр баласы, бірақ оның бастауын ертедегі философтардан - Конфуциядан, Сократтан, Аристотельден, Солоннан, Платоннан, Сенекиден табамыз.

Үздіксіз білім тәжірибе феномені ретінде де, педагогика концепциясы ретінде де дамыды. Алғаш рет бұл концептуалды хатталған идеяны 1965 жылы ЮНЕСКО конференциясында үздіксіз білімнің белгілі теоретигі П. Ленгранд таныстырды. Оның деректерінің негізінде осы сұрақ бойынша ұсыныстар өңделді. 1972 жылы ЮНЕСКО келесі қадамды жасайды: Э. Фордың басшылығымен істеген комиссияның «Болу үшін, оқу керек» деген тақырыпқа баяндама тыңдалды. 1970 жылдардың ортасынан бастап үздіксіз білім беру барлық елдерден қолдау табады, білім беру реформасының негізгі принципіне айналады.

Үздіксіз білім берудің орталық идеясы адамның тұлға, қызмет субъектісі ретінде өмір бойғы байланысының дамуы болып табылады. Бұл идея қоғам таныған, үздіксіз білім берудің жүйе жасаушы факторы.

Үздіксіз деп толығымен жан-жақты қамтыған, уақыты, қарқыны және әркімге өмір бойы жиған және толтырған өз бағдарламасын тарату мүмкіндігі мен рұқсат берілген бағыт бойынша дараланған білім.

Қазақстандағы мектептің білім беру жүйесінің модернизациясының басты міндеті оқушының жан-жақты дамуы, оның шығармашылық қабілеттілігін, шеберлігін және өзін-өзі оқыту дағдысын, жастардың қоғам өмірінің әлеуметтік жағдайдағы өзгерістеріне икемделу дайындығының қалыптасу міндетін жатқызуға болады. Бұл міндеттерді шешуде мектептегі білім беруді саралаусыз мүмкін емес. Мазмұнын, ұйымдастыру нысанын, танымдылық қажеттілігіне байланысты оқыту әдісін, қызығушылығы мен қабілетін саралау мектептің барлық сатысында оқушыға маңызды, әсіресе ол мектептегі білім берудің жоғарғы сатысында өзекті. Профильді сыныпта үздіксіз білім беру саласында бір жағынан – негізгі мектепті, басқа жағынан – мектептен кейінгі және қосымша білім беруді, оқушының осы немесе басқа ортадағы еңбек қызметін байланыстыратын басты буын болып келеді. Осыған байланысты негізгі орта мектеп пен жоғарғы оқу орнының арасында сабақтастық пайда болады. Білім берудің әр сатысының мақсаты мен міндетінде сабақтастықты сақтау оқушының нақты психофизиологиялық

мүмкіндігін есептеп, ішкі қабілеті, мотиві, мәнді бағдары тәрбиеленушіге социумда өз орнын тиімді табуына көмектеседі. Оқушыларда білім берудің жоғарғы буынында өз болашағын болжау және оның жетістіктеріне жету жолдарын таңдауға өз мүмкіндіктерін бағалау қабілеттілігі, өзін таратуға талпынысы пайда болады. Осылай оқушының мектептің жоғарғы сатысында жалпы білім алу аяқталады, жастардың әлеуметтік және тұлғалық өзін анықтауы өтеді. Жоғарғы буынның алға қойған мақсатына жоғарғы мектеп құрылымында жетуі мүмкін емес. 2002 жылғы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес (ҚР МЖБС) және «Қазақстан республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту концепциясында» оқу процессін профильдеу қарастырылған. «Орта білім беруде жоғарғы сатының функционалды қызметі бағытының артықшылығы кәсіпке дейінгі оқушының тереңдетілген дайындығын іске асыру болып табылады».

Нарықтық жағдайда профильді білім берудің алдында әр категориядағы оқушылардың өздерінің қабілеттеріне, жекелей икемділігіне, мұқтаждығына қарай тең толық білімге қол жеткізуіне көмектесуді міндет етіп қойған.

Қазіргі уақытта университет студенттерінің қалыптасуына, келешек студенттердің жоғарғы оқу орнына келмей тұрып бітірген оқу орындарының оқушыларының дифференциациялау аспектісі әсер етеді. Жалпы білім беру мектептерінен келген студенттердің саны азайып, керісінше гимназия, лицей және арнайы мамандандырылған мектеп түлектерінің саны артты [1].

Сонымен, мектептерді және артында тұрған білім беру траекторияларының 3 топқа бөлінетіні туралы қорытындыға келеміз:

- бірінші топқа зиялы гимназия, лицей, арнаулы мектептер және т.б.;
- екіншіге –жартылай ақылы мектептер және білім беруде жеке жеңілдіктерімен;
- үшіншіге – жалпы білім беру стандартымен қамтамасыз етілген, барлық жалпы білім беру мектептері.

Бұл әр түрлі әлеуметтік мәртеге доминиризациялайтын әлеуметтік позицияға мүмкіндік, соған байланысты, әр түрлі типті мектептерді қамтамасыздандыратын әлеуметтік дифференциацияны көрсетеді. Сонымен, жеңілдетілген әлеуметтік топтан шыққандар білім беруде артықшылыққа ие болып, ал жалпы халықтар тобының балалары бөлініп қалады.

Содан басқа, жоғары білім алудың мотиві орта мектеп типіне байланысты болады. Гимназия, лицей – «әлеуметтік статусы анықталған дипломға ие болу»; арнайы мектеп – «отбасы дәстүрлерін жалғастыру»; қалай «материалды қамтамасыз болу» жоғарғы білім алудың маңыздырақ мотиві болғандықтан, жалпы білім беретін типті мектептің түлектері үшін сол факт өзіне назар аудартады.

Сонымен, жоғары білім алу мотивінде анықталған ерекшеліктер өз кезігінде оқушылардың әр түрлі өмірлік стратегияларын анықтап, әр түрлі

типті орта мектептер өзінше оқу функцияларының таралуын көрсетеді. Жалпы білім беру мектебі көп мөлшерде прагматикалық мақсатты; арнайы мектеп - әлеуметтік мәдениетті; гимназия, лицей - әлеуметтік статусқа жету бағдарына байланысты мақсатты қалыптастырады. Мұны басқа да мысалдардан байқауға болады. Сонымен, әр түрлі типті орта мектептер заманауи мамандарға қандай қасиеттер керек болса, сондай әр түрлі мақсаттарды қалыптастырады, жалпы орта білім беру мектебі көп мөлшерде ұйымдастырушылық, кәсіпкерлік, арнайы мектеп – жауапкершілік; гимназия, лицей – талаптылық, коммуникабельдік сияқты қасиеттерді қалыптастырады.

Қазіргі уақытта толық орта мектептің жоғарғы сатысы мектептегі білім беруді қайта құрастыру процесінде өзіне қадала көңіл аудартты, өйткені ол үздіксіз білім беру идеясын жаман таратады, кәсіби бағдар көзделмеген, оқыту кезеңінің ерекшелігі есебімен жоғары сыныптың оқыту жүктемесінің ұтымды бөлінуі қарастырылмаған. Сондықтан оқушыларды оқытудың жоғарғы сатысында оқыту мазмұны мен құрылымын қайта қарау жетігі туралы сұрақ тұрды.

Лингвистикалық қабілетті дамыту (келесі бөлімде нақтылы сөз болады) негізгі үш кезеңге ие:

Бірінші кезеңде оқушының дамуы мен қалыптасуының басталуы үшін жайлы жағдай жасалады, белгілі деңгей келесі арнайы қабілетінің даму шарты ретінде қарастырылады.

Мұнда келешек қабілетінің анатомды-физиологиялық негізіне дайындық, барлық анализаторлар жұмысына жетілдіру, ми қабының жеке салаларында даму мен функционалды саралау өтеді.

Екінші кезеңде оқу үрдісін іске асыру процессінде шетел тілін меңгеру бойынша арнайы лингвистикалық қабілеттердің дамуы мен қалыптаса бастауы басталады. Бұл дамудың негізгі факторы іскерлік талаптарына қолданатын табиғи қасиеттерді келе-келе құрылыстандыру болып табылады (мысалы, есту сезімталдығына қатысатын тіл қозғағыш реттегішпен шет ел тілін меңгергенде). Осылай қабілеттің демеулік қасиеттері пайда болады. Алдағы процессте шет тілдік қабілеттердің дамуы мен қалыптасу ақылмен ойлау қасиеттерінің ерекшеліктерімен қатынасты бастайтын қасиеттер.

Үшінші кезеңде жеңіл де тез сөздік және тілдік дағдылар мен шеберліктерді меңгеру үшін тілдің лингвистикалық қабілеттерді жүйелі оқуда ұтымды деңгейде қол жеткізуге болады.

Шет тілі қабілеттерінің дамуының төртінші кезеңін бөлек атауға болады, қашанда олар көшірмелі оқу деңгейінен кәсіби қабілетті деңгейге өтеді, мысалы, аудармашы іскерлігі қабілетіне немесе шығармашылық қабілеттілігі деңгейіне – ғылыми іскерлігін лингвистика саласында іске асыру қабілеттілігі.

Ағылшын тілін оқыту процессін дұрыс құрғанда үш кезең профильді сыныпта меңгерілсе, оқушы жоғарғы оқу орнына түскеде элементарлы білімі мен дағдысын оқымайды, ал кәсіби тілдік қабілетті дамытады [2].

Профильді мектептің жоғары сатысында шет тілінде оқытудың негізгі ұйымдастыру нысандарынан білім берудің бірнеше модельдерін бөліп қарауға болады. Шет тіліне қолданылатын сондай модельдердің бірнешеуін бөліп алдық.

Бірінші модель – бұл орта мектептің жоғарғы сатысында алғашқы көрсетілген функцияларды тарататын, жалпы білім берудің толық орта мектебі. Бұл деңгей Еуропа Кеңесі ұсынған босағалық деңгейге сәйкес, оқушының шет тілі бойынша жалпы білім деңгейінің дайындығын қамтамасыз етеді. Бұл деңгей сөздік, тілдік, әлеуметті-мәдениеттілік, компенсаторлық және оқу компетенцияларын кіргізе, оқытудың интегративті мақсаты ретінде шет тілі коммуникативті компетенциясын қалыптастырып, шет тілін игерудегі функционалды сауаттылығының жетістігін шамалайды. Шет тілін оқуды ерте бастаған түлектер үшін бұл деңгей қол жеткен болып келеді. Тұлға арасында және мәдениет арасындағы қарым-қатынаста ең көп тараған жағдаятта шет тілін тәжірибеде пайдалану табалдырық деңгейінің жетістігінің қажетті шарты болып табылады. Бұл модель профильді болып есептелмейді.

Екінші модель – бұл шет тілі жалпы білім беру пәні болатын профильді сыныптар. Мұнда екі мүмкіндіктер бар:

1) шет тілі жалпы білім беру пәні болып қалады және табалдырық деңгейіне жету міндетті;

2) оқу пәні ретінде шет тілі ерекшеліктерін қолдану, яғни оның қабілеттерін сақтауға және кез-келген ақпаратты беруге мектеп профильінде бөлінген оқу мазмұнын бағдарлауға мүмкіндік береді. Осымен шет тілі профильді оқытуды тарату құралы болып шығады.

Кейбір қайта құру шет тілін оқыту мазмұнына белгілі профильді бағыт беруі мүмкін. Бұл жағдайда мамандандырылған шет тіліне профильді оқытуға сәйкес оқыту Intermediate деңгейіне жету де мүмкін, тіпті асып та кетеді деп шамалады.

Үшінші модель (С моделі) профильді тілдік дайындауды қарастырып, оқытудың жоғарғы сатысында шет тілін тереңдете оқытуды шамалайды. Бұл жағдайда Pre-Intermediate және Intermediate деңгейге жақындатылған алға басу деңгейін (Еуропа кеңістіктерінің терминдерінде) арттырумен, оқу деңгейіне (С деңгейі) қол жеткізу мүмкін болады.

Бұл модель мақсаты бойынша және белгілі мөлшердегі оқыту мазмұны бойынша төртінші модельге (Д моделі) апарылған, өйткені шет тілін тереңдете оқытумен аталмыш мамандандырылған мектептерде жатады. Бұл мектептерде пороговйді алға басу деңгейіне қатысты «шет тілі» пәніне көп

сағат бөлінеді, бұл деген оқу деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл деңгей тұлға аралық және мәдениет аралық қарым-қатынас құралы ретінде қолданып, шет тілін иілгіш те ерікті меңгеруді болжайды. Бұл деңгейге қол жеткізу түлектерге бір жағынан- лингвистикалық немесе мамандандырылған жоғарғы оқу орындарына білімдерін жалғастыруға, басқа жағынан мектеп бітірген соң таңдаған кәсіби ортада еңбек іскерлігін іске асыруына болады [3].

Мектептің жоғарғы сатысындағы тіл бөлімінің модернизациясынан мұндай тәсілі түлектердің шет тілі бойынша дайындық сапасын көтеруге және пән бойынша оқыту деңгейінің шет ел мектептерімен баламасына қол жеткізуге рұқсат береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Лернер И.Я. Поисковые задачи обучения как средство развития творческих способностей // Научное творчество. – М., 1969. – С. 413-418.

2. Монахов В.М. Дифференциация обучения в средней школе / В.М. Монахов, В.А. Орлов, В.В. Фирсов // Советская педагогика. – 1990. – № 8. – с. 42-47.

3. Рабунский Е.С. Индивидуальный подход в процессе обучения школьников: на основе анализа их самостоятельной учебной деятельности. – М.: Педагогика, 1975. – 184с.

4. Зимняя И.А. Индивидуально–психологические факторы и успешность научения речи на иностранном языке // Иностранные языки в школе. – 1970. – № 1 – С. 38-46.

Резюме

В данной статье описываются профильные классы как начальная ступень в системе непрерывного образования.

Resume

In the given article profile classes as the ground level of continuous learning system are described